

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 864 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Kazsatnet" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы сатып алынуының маңызды стратегиялық мәні бар Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасының спутниктік сегментін құру бойынша іс-шараларды іске асыру шеңберінде» "KazSat" байланыс және хабар тарату қазақстандық спутнигінде жиілік ресурсын беру жөнінде қызметтер көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 2007 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен 30186000 (отыз миллион бір жүз сексен алты мың) теңге сомасында мемлекеттік сатып алу туралы шарттар ж а с а с у д ы ;

2) осы қаулыға сәйкес қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі